

«Урология және андрология ересектердің, балалардың» 7R026 мамандығы бойынша резидентураның білім беру бағдарламасы



«Урология және андрология ересектердің, балалардың» мамандығы бойынша резидентураның білім беру бағдарламасы КЕАҚ «М.Оспанов атындағы БҚМУ» 2013жылдан бері жүзеге асырылуда. Осы уақыт ішінде 30-дан астам маман даярланып, республиканың және жақын шет елдердің денсаулық сақтау мекемелерінде табысты еңбек етуде. Түлектердің 100 пайызы жұмысқа орналастырылды. «Урология және андрология ересектердің, балалардың» мамандығы бойынша резиденттерді теориялық және практикалық оқыту Ақтөбе Медициналық Орталығының урология бөлімшесінің базасында жүргізіледі.



Клиника басшысы Курманғалиев
Олег Маратович, м.ғ.д.,
профессор



Урология курсына жауапты Сарқұлов
Марат Нукинович, м.ғ.к., доцент



Урология курсының ассистенті
Имжаров
Талгат Абатович, м.м.



Урология курсының
ассистенті Айтжанов
Нурлан Жанбырбаевич



АМО урология бөлімшесінің
меңгерушісі
Қуаныш Газетович Сулейменов



Урология курсының
ассистенті Мұқаш
Әлішер Темірханұлы

Клиниканың кадрлық әлеуеті жоғары және бірінші санатты дәрігерлерден тұрады, олар үнемі оқу-тәрбие жұмыстарына араласып, резиденттерге тәлімгер ретінде қызмет етеді. Урология курсы резиденттердің білім беру бағдарламасын жүзеге асыруы үшін қажетті шарттарды толығымен орындайды. Урология бөлімшесі 30 төсек-орынға ие, қала және облыс тұрғындарына тәулік бойы жоғары мамандандырылған көмек көрсетеді, заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, бұл жоғары деңгейде оқытуға мүмкіндік береді. Оқу процесінде пайдаланады: МРТ және компьютерлік томография; түсті доплерографиясы бар ультрадыбыстық диагностикалық құрылғылар; бірегей ангиографиялық кешен; заманауи электронды-оптикалық эндоскопиялық жүйелер, қашықтағы және контактілі литотриптерлер, лапароскоптар және т.б.



Сонымен қатар, кестеге сәйкес облыстық балалар клиникалық ауруханасы, М.Оспанов атындағы БҚМУ медициналық орталығы, қалалық емханалардың урологиялық кабинеттері. Резиденттер емдік жұмысқа белсенді және тұрақты қатысады: науқастарды бақылайды, жедел жәрдем бөлімшесінде науқастар жүргізеді, диагностикалық процедуралар мен манипуляцияларды жүргізеді, операцияларға көмектеседі, өз бетінше жұмыс істейді және медициналық құжаттамаларды толтырады.



Резиденттердің дәрістері мен практикалық сабақтары плазмалық панельдерде презентациялар көрсетілімі бар мультимедиялық гаджеттермен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі. Сабаққа дайындалу кезінде резиденттер үлкен баспа қорынан басқа интернет-сыныппен жабдықталған кітапхананың мүмкіндіктерін және практикалық дағдылар орталығының тренажерлардың жеткілікті ауқымын пайдаланады. Резиденттердің білімін қорытындылау үшін тестілеу орталығында білімі тексеріледі.

